

№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» КМҚК
2021-2022 оқу жылына педагог-психологтың аналитикалық есебі

2021-2022 оқу жылының КМҚК «№5 Аққу» бөбекжай-бақшасының педагог-психологы Тюлебаева Нұргүл Токсамбаевнаның аналитикалық есебі. Педагог-психологтың жұмыс мақсаты: Мектепке дейінгі балалық шақтың қалыптасуы, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, психикалық қасиеттердің және дара ерекшеліктері бар сәйкестікте қазіргі қоғамдағы мектеп жасына дейінгі баланың тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Педагог-психологтың міндеттері:

1. Әр баланың денсаулығының сақталуын, эмоционалдық аманшылық және жан-жақты дамуы.
2. Топтардағы қайырымды, адамгершілік тілектестік қатынасты құру.
3. Педагогтарға және ата-аналарға тәрбиелік білім беретін процесте шығармашылық ұйымда жан-жақты көмек беру.

Психо-педагогикалық жұмыстың түрлері:

- Профилактика
- Диагностика (жеке және топтық)
- Дамыту жұмыстары (жеке және топтық)
- Коррекциялық жұмыс (жеке және топтық)
- Психологиялық ағартушылық және білім беру: МДМ әкімшілігінің психологиялық мәдениеттің қалыптасуы, педагогтар және ата-аналар. Психодиагностикалық жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізіледі.
- Тану сферасының диагностикасы (ойлау, зейін, қабылдау, ес, қиял) топтық және жеке.
- Эмоционалдық сферасының диагностикасы (агрессивті мінез құлықтың әсер етуі, үрейлік, қызу);
- Мектепке даярлық диагностикасы (коммуникативті, даярлық, зияткерлік) - жеке және топтық;
- Бейімделу мерзімінің өту диагностикасы;
- Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас диагностикасы: (ата-аналық қарымқатынастар, отбасындағы тұлға аралық қатынастар, отбасындағы психологиялық ахуалдың анықталуы);

- Педагогтармен жұмыс (кәсіби қиындықтарды зерттеуоның психологиялық ахуалын зерттеу, педагогтың шығармашылық потенциалдық зерттеу, өздігінен талдау) топтық және жеке.

Психологиялық-педагогикалық бақылап отыру:

- Балалардың зияткерлік жеке және бар болмысымен дамуды психологиялық бақылап отыру.
- Баланың дамуындағы мәселелерінің пайда болуын ескерту.
- Балаға өзекті міндеттердің шешімінде дамуға үйренуге көмек, педагогтар мен ата-аналармен оқудағы қиындықтар, қызу- еріктік саланың бұзушылығы.
- Педагогтар мен ата-аналардың психологиялық құзыреттілігін жоғарлатуға көмектесу.
- Білім беретін процестің барлық субъектілерімен түзеткен шараларды қажеттілікте өткізу.
- Тәрбиеленушілердің, ата-аналардың, педагогтардың (психология- педагогикалық құзыреттілігін дамуы) (психологиялық мәдениет).

Қорыта келгенде бақылап отыру, жағдай жасауына нақты білім беретін ортада әр баланың табысты үйренуге, тәрбиеге және даму себепші болатын психология-педагогикалық бағытталған белсенділік болады.

Өткізілген зерттеулердің нәтижелеріне арналған таңушы процестерді ұйымдастырудың деңгейінің динамикалық өсуі балаларда байқалады, балалардың дамуының көрсеткіштерін жақсартып, балалардың психикалық процестері деңгейлерді теңестіруде болады.

Барлық тәрбиеленушілердің мектепке даярлығының үйренуде болжау нәтижелері байқалады. Жаңадан келген балалардың бейімделудің психологиялық денсаулықтың сақталуы.

Психологиялық диагностиканың көрсеткіштері бойынша ұжымдағы психологиялық ахуалдың жоғарлатуы байқалады, адекватты кәсіби өздігінен бағаның қалыптасуы, жеке өсуі, жаңадан келген мамандардың сенімділігінің жоғарлауы.

Психопрофилактикалық жұмыс

Психопрофилактикалық жұмыс коммунактивтік қабілеттіліктерінің және балалардың әлеуметтік бейімделуіне ,танушы және шығармашылық қабілеттіліктердің,қызу саланың дамуында жіберілген.Балалармен жұмыстренинг жаттығулары,жоғары бағалауға арналған топтық ойындар.Педагогтар менжұмыс кәсіби және жеке өсуге,профилактикалық жоғарлауына тиімді.

Ата- аналармен жұмыс балалармен бар тілектестік сенімді қатынастардың жанұяда қалыптастыруға,мінез-құлқының профилактикасы,бағалы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Педагог-психологтың 2021-2022 оқу жылындағы есебі.

Мақсаты: психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап,атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

Балалардың балабақшада ,топта бейімделуін анықтау мақсатында оқу жылының бастапқы айларында ,бақылауға кіші топтар алынып,бейімделу парақтары толтырылды.

- Бейімделу жеңіл-50%
- Орташа-20 %
- Бейімделуі-10 %

Қиын бейімделген балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді.Кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы,яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелген де оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды.Балалар бақылауға алынып,ойын-сабақтар өткізілді.

12 топпен жұмыс жасалды, оның ішінде зерттеу жұмыстары ортаңғы 4 топпен (4,5 жас аралығындағы балалармен)жұмыс жасалды.Жылдық жоспар,жұмыс кестесі,айлық жоспар құрылды.Топ балаларымен танысып тізімі дайындалды. Психологиялық ойындар арқылы балаларды ойынның әртүрлі ережелерін сақтауға үйрету,балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын жасау, танымдық процестерін дамыту,көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру.мақсатында түзету-дамыту,жеке жұмыстары жүргізілді: психологиялық диагностикада таным процестерін зерттеу, қарым-қатынас,мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Психодиагностика қорытындысында ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні төмен балалар анықталды, берілген сурет бойынша әңгіме құра алмайтын, сөз қорлары аз екені байқалып, психологиялық ойын арқылы балалардың ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру мақсатында, эмоционалдық тұрақсыздықтары бар, агрессивті мінез-құлықты балалармен жеке жұмысын жүргіздім.

Ойлауы, есте сақтау қабілеттері төмен балалармен жеке жұмыстар жүргізілді. Қабылдауы төмен балалармен: «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші», «Ұзын-қысқа», «Моншақ» ойындары өткізілді.

Есте сақтауы төмен балалармен; «Затты сипатта», «Тыңда да, орында» , т.б ойын түрлері өткізілді.

Ойлауы төмен балалармен : «Затты сипатта» , «Сыңарын тап» , « Дұрыс-бұрыс», «Тізбекті жалғастыр» тағы басқа ойын әдістері қолданылады.

Эмоционалды тұрақсыздықтары бар балалармен; «Менің көңіл-күйім суреттер салу, ертегі терапиясын қолданып түрлі ертегі кейіпкерлерін ойнатамыз , құм терапиясын қолдана отырып «Ойыншықтарды тап» және психогимнастика жаттығулары өткізіледі. Агрессияны дұрыс қабылдау және одан шығу үшін олардың сезімдеріне жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында, «ашу» , «сезімдер әлемі» , релаксация жаттығулары және ойын жаттығулар өткізілді.

Сондай-ақ жеке жұмыс баланың қабілетін ашуға септігін тигізеді, жүйелі жұмыстың арқасында балалар ұйымшылдыққа үйреніп, жаңа технологиямен танысып, әдістемелерді игереді.

Оқу жылының басында қазан айында және оқу жылының аяғы сәуір айларында балалармен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, таным процестері анықталып, мониторинг шығарылады.

Жалпы жаңа оқу жылының басында ата-аналарға жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, оқу іс-әрекетін ұйымдастырылуында , жалпы ата-ананың балабақшаға деген көзқарастары, балабақша мамандарынан не күтеді, жалпы танысу барысында сауалнамалар толтырылып алынады. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық бағытында, әрі ата-аналардың сұраныстары бойынша түрлі тақырыптарда кеңестер беріліп тұрады. Ата-анаға берілетін кеңестер «3 жастағы дағдарыс» , «Баланы ашуын қалай жеңуге болады» , «Баланың қорқынышын басу» т.б тақырыптарда кеңестер беріліп отырады.

Педагогтармен жүргізілген жұмыстар, жас мамандарды ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан кеңестер беру, педагогтармен қарым қатынас жасау, педагогтың өзін-өзі бағалауын анықтау. Достық, әріптестік, ұжым ретінде әріптестік қарым-қатынас тақырыптарында әртүрлі тренингтер өткізіледі. Педагогтарға арналған «Сен қандай тәрбиешісің» сауалнамалар толтырылады. Тәрбиешілер мен педагогтарға «Әріптестік қарым-қатынас» тренингі өткізілді. Бала бойындағы ауытқушылықтарды ойын-жаттығулар арқылы тәрбиешілермен бірлесе отырып, анықтап және одан қалай арылуға болатыны жөнінде кеңестер беріліп, отырылады. Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында Ұ.О.І.Ә-не қатысып, бақылап өздерімен бірігіп сабаққа психологиялық-педагогикалық талдау жасалады. Әрине бетпе-бет, қарым-қатынас жасау кезінде тұлға ашық және көп қырынан байқалады.

2021-2022 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша құрылған жұмыстар жасалып психологиялық анықтама беріледі.

Психологиялық жұмыстың нәтижелігін тек психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесінде оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас бірге болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен педагогтың балаға деген көзқарасы бір-бірін толықтырып отырса, ата-анамен байланыста болса өз нәтижесін береді.